

**«6D050700 – Менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің докторантты Шен Буленттің «Қазақстанда электронды сауданы басқару жүйесін жетілдіру» атты тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына**

## **СЫН ПІКІР**

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Соңғы жылдары экономикалық зерттеулердің ең өзекті бағыттарының бірі электрондық сауданы жетілдірудегі басқару тетіктерін өзірлеу болып табылады. Жаңа уақыт бізге жаңа сын-қатерлер әкелуде: экономиканың шикізаттық моделі пайдаланың төмендеуі, әлемдік экономикада протекционизмнің өсуі, цифрлық қоғамның серпінді дамуы, технологиялық парадигмалардың жиі ауысуы Қазақстаннан әлемде болып жатқан түбекейлі өзгерістерге деңгелденіп қоюды талап етеді.

Осы бағытта электрондық сауданы дамытуда тұтынушылар үшін де, өз қызметтерін ұсынатын кәсіпорындар мен кәсіпкерлер үшін де көптеген мүмкіндіктер туындауда. Яғни, тұтынушы өзіне қажетті өнімге сапа мен қаржат тұрғысынан тез тапсырыс берे алады, ал кәсіпкер электрондық коммерция жүйесі арқылы әлемдік нарыққа шыға алады. Демек, электрондық сауданың басқару тетіктерін ғана емес, сонымен қатар осы жаһандық саудасаттық ұдерісінде елдің өзіндік Брэндін тұрақтандыруға және әрі қарай нығайуға бағыт-бағдар туындаатын жолдарын да айқындалап алу қажет. Осыған сәйкес диссертациялық жұмыстың мазмұны жаһанданудың негізгі көздерінің бірі болып табылатын электрондық сауданы дамыту тетіктері мен оны басқару жүйесінің жаңа мүмкіндіктерін қарастырып, ғылыми негізде дәлелденіп ұсынумен құнды.

Өйткені диссертацияда негізделгендей қазіргі кезде және болашақта нарықтың ретсіз дамуынан туындаитын кедергілерге қарсы тұра алатын және Қазақстан халқының электрондық сауда-саттықтың жаңа қызметтеріне сұранысын қанағаттандыра алатын отандық электрондық сауданы жетілдіру тетіктері мен және оны басқару жүйесін жаңғырту мәселесі өзекті болып қала бермек.

Диссертациялық жұмыстың қорытынды ұсыныстары Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары талаптарымен, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы негіздемелерімен және Электрондық коммерцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі жол карта сызбаларымен байланысты негізделген.

### **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері (Ғылыми дәрежелер беру дәрежесіне сәйкестігі)**

-«Электрондық сауда», «Электрондық коммерция» және «Электрондық сауда жүйесін мемлекеттік басқару» ұғым-түсініктерінің анықтамалары ұсынылды;

-Қазақстанда электрондық сауданы басқарудың алғышарттық жобасы

ұсынылып, факторлары бөліп алынды және топтастырылды;

-Қазақстанда электрондық сауда жүйесін дамытудың және оны басқарудың негізгі элементтеріне сипаттама берілді;

-Қазақстанда электрондық сауданы дамыту мен оны басқарудың түйінді проблемалары аталмыш процестің негізгі бағыттарына талдау жасау негізінде топтастырылды;

-электронды дүкеннің сауда қызметін, оның «тұтынушы-сатушы» жүйесіндегі ролін, электронды саудаға қатысушылардың өзара әрекеттерін, сондай-ақ электронды саудадағы тұтынушылар таңдауын жаңарту үшін компьютерлік сауаттылықты арттыру жолдарын жоспарлаудың моделі ұсынылды.

### **3. Іздешінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі**

Зерттеу барысында электрондық сауданы басқару жүйесін жетілдіру мәселелерін қарау кезінде автор көптеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, әзірлемелеріне және ғылыми ұсыныстарына; тұжырымдамаларға, әдістемелік және анықтамалық материалдарға; мемлекеттік, аймақтық және жергілікті басқару органдарының заңнамалық актілеріне, нормативтік-әдістемелік, бағдарламалық құжаттарына сүйенді.

### **4. Іздешінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің (қагидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жақалық дәрежесі.**

Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелердің жақалығын төмендегілерше сипатталады:

- Бірінші нәтиже ішінara жаңа болып табылады, себебі жұмыста «электрондық сауда» және «электрондық коммерция» ұғымдарының арақатынасы ашылып, «электрондық сауда жүйесін мемлекеттік басқару» ұғымына анықтама берілген;

- Екінші нәтиже – жаңа болып табылады, себебі Қазақстанда электронды сауданы басқарудың негізгі алғышарттары мен факторлары біріктірілген;

- Үшінші нәтиже – жаңа болып табылады, себебі электронды сауда жүйесін басқарудың негізгі элементтерін айқындаған;

- Төртінші нәтиже – жаңа болып табылады, себебі электронды сауданы басқарудың мәселелері аталған үрдістің негізгі бағыттарын саралтау арқылы топтастырылған;

- Бесінші нәтиже - жаңа болып табылады, себебі, электронды саудадағы тұтынушылар таңдауын дамыту жағдайында компьютерлік сауаттылық деңгейін арттыруды жоспарлаудың моделі жасалған.

### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Диссертациялық жұмыстың өзара үйлесімділігінің сипаты «электрондық сауда» ұғымының мәні мен мазмұнын ашу, электрондық саудадағы тұтынушылық сұраныстың тұрақты дамуын зерттеудің теориялық және әдіснамалық тәсілдерін қалыптастыру, электрондық сауданы жетілдіру және басқару бағыттарын негіздеу. Ғылыми нәтижелер, қорытындылар мен тұжырымдар ішкі үйлесімділікке ие, әрбір тұжырым жалпыдан жекеге қагидасына сай қалыптастырылған.

## **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Диссертацияның практикалық маңыздылығы теориялық тұжырымдар, ұсынылған электрондық сауданы басқаруды жетілдірудің әдістемелік құралдарын электрондық сауда нарығындағы тиісті субъектілер онлайн-қызметтерді пайдалану үдерісінде қолдана алады.

## **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.**

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда 10 мақала түрінде жарияланған, соның ішінде: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен журналдарда – 3 мақала, халықаралық конференциялардың материалдарында – 6, импакт-фактор «Скопус» базасына кіретін ғылыми базада – 1 мақала.

Диссертация нәтижесі «Қазпочта» Акционерлік қоғамы оңтүстік Қазақстан филиалының басқару қызметіне енгізілген.

## **8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Дегенмен, диссертациялық жұмыс бойынша бірқатар ескертулерді көрсетейік:

1. Электрондық сауданы дамыту жолдарына көп көңіл бөлінген, бірақ электрондық сауданы әлеуметтік жағдайы орташа деңгейдегі халықтың қолдану мүмкіндіктері шектеулі түрде қарастырылған;

2. Диссертациялық жұмыста электрондық сауданы басқаруды жетілдірудің экономикалық, ақпараттық жақтарына көп көңіл бөлінген, ал әлеуметтік сипаттары назардан тыс қалған.

Алайда, көрсетілген ескертпе онша курделі емес екендігін және диссертациялық зерттеу нәтижелерінің жалпы құндылығын төмендетпейтіндігін атап өткен жөн.

## **9. Диссертацияның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Шен Буленттің «Қазақстанда электронды сауданы басқару жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы докторлық диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің біліктілік талаптарына сай әзірленген және ұсынылған ғылыми негізделген тұжырымдары ғылымның дамуына септігін тигізеді.

Диссертацияның осы айқындаушы белгілеріне сүйене отырып, «6D050700 – Менеджмент» мамандығы бойынша Шен Булентті философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ресми сын-пікір білдіруші:**

Д.Серікбаев атындағы Шығыс

Қазақстан техникалық университеті

Бизнес және кәсіпкерлік мектебінің деканы,

э.г.к., қауымдастырылған профессор

**Э.С. Нурекенова (Мадиярова)**